

Диссертациялық кеңестің 2024 жылғы жұмысы туралы есеп

Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің
«Қазақ ұлттық өнер университеті» РММ
6D040100 Музыкатану,
6D040200 Аспаптық орындаушылық мамандықтары бойынша,
8D021 өнер (D022 Музыкатану, D023 Аспаптық орындаушылық)
бағытының бейіні бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беру жөніндегі
ДИССЕРТАЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС

Диссертациялық кеңестің төрайымы – өнертану ғылымдарының докторы, Қазақ ұлттық өнер университетінің музыкатану және композиция кафедрасының профессоры Джумакова Умитжан Рахметуллиовна.

Ректордың 2023 жылдың 22 ақпанындағы № 30-Ө бұйрығымен диссертациялық Кеңес үш күнтізбелік жылға және Кеңестің құрамына тұрақты мүшелер тағайындалды (2023-2025).

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 31 наурыздағы № 126 бұйрығына сәйкес өзгерістер енгізуіне байланысты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2011 жылы 29 сәуірде № 6929 тіркелді «Үлгі нормативтік құқықтық актілер диссертациялық кеңес туралы» Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2024 жылғы 14 маусымдағы № 294 бұйрығымен Диссертациялық кеңестің құрамына өзгерістер енгізілді.

«5. Диссертациялық кеңестің құрамы 7 (жеті) адамнан аспауы тиіс. Диссертациялық кеңестің барлық мүшелерінің ғылыми дәрежесі (ғылым кандидаты, ғылым докторы, философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор) немесе философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор академиялық дәрежесі немесе философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесі бар.

Диссертациялық кеңестің кемінде 3 (үш) мүшесі басқа ЖЖОКБҰ-лардың, ғылыми және (немесе) басқа да ұйымдардың өкілдері болып табылады.

Диссертациялық кеңестің құрамында диссертациялық кеңестің 4 (төрт) мүшесі, оның ішінде төраға, төраға орынбасары және ғылым хатшы тұрақты мүшелері болып табылады.

Диссертациялық кеңестің құрамында диссертациялық кеңестің 3 (үш) мүшесі докторанттың қорғау кезеңіне және докторлық зерттеу саласына байланысты уақытша тағайындалады» (Диссертациялық кеңес туралы үлгі ережені бекіту туралы, 5 п.).

Қазақ ұлттық өнер университетінің Ғылыми кеңесінің шешімі негізінде (30.09.2024 ж. № 2 хаттама), 10.04.2024 ж. № 204-Ө бұйрығымен Диссертациялық кеңес жаңа құрамда бекітілді:

1. Джумакова Умитжан Рахметулловна – ДК төрайымы, профессор, «Қазақ ұлттық өнер университеті» РММ-нің «Музыкатану және композиция» кафедрасының профессоры, ө.ғ.д.
2. Шегебаев Пернебек – ДК төрағасының орынбасары, «Қазақ ұлттық өнер университеті» РММ-нің «Музыкатану және композиция» кафедрасының профессоры, ө.ғ.к.
3. Харламова Татьяна Валерьевна – ДК ғылыми хатшысы, PhD докторы.
4. Маклыгин Александр Львович - Н. Г. Жиганов атындағы Қазан мемлекеттік консерваториясының профессоры, ө.ғ.д.

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің ережелері мен бұйрықтарына енгізілген өзгерістерге байланысты Қазақ ұлттық өнер университетінің Диссертациялық кеңесі туралы ережесіне түзетулер енгізілді.

Өткізілген отырыстар саны туралы деректер

2024 жылы 1 (бір) отырыс өткізілді. Отырыс диссертация қорғау және ғылыми дәрежелер беру туралы ережеге өзгерістер енгізу және Диссертациялық кеңес туралы жаңа ережені зерделеу мәселелеріне арналды. Сондай-ақ нұсқаулық, шолу және зерттеу сапасы бойынша семинарлар өткізілді:

Күні	Тақырып	Спикер
12.04.2024	Ғылыми-зерттеу және академиялық білім: сапа мәселелері	Джумакова У.Р. ДК төрайымы
13.05.2024	Диссертациялық кеңеске диссертация дайындау тәртібі (талапкер мен ғылыми хатшының байланысы), емтихан, қорғау	Харламова Т.В. ДК ғылыми хатшысы
17.05.2024	Ғылыми зерттеулер және академиялық білім: сапа мәселелері мен нұсқаулар	Джумакова У.Р. ДК төрайымы

Отырыстардың жартысынан азына қатысқан диссертациялық кеңес мүшелерінің тегі, аты, әкесінің аты

Диссертациялық кеңестің барлық мүшелері отырыстарға толық қатысты.


Есепті жыл ішінде қорғауға қабылданған докторанттар тізімі

2024 жылы қорғауға қабылданған докторанттар болған жоқ.

Философия докторы (PhD) бейіні бойынша доктор дәрежесін алуға арналған диссертациялардың кадрларды даярлау бағыты бөлінісіндегі саны:

Қорғауға қабылданған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының)	Қараудан алынып тасталған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының)	Рецензенттердің теріс пікірін алған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының)	Қорғау нәтижелері бойынша теріс шешім алған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының)	Толықтыруға жіберілген диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының)	Қайта қорғауға жіберілген диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының)
0	0	0	0	0	0

Диссертациялық кеңестің төрайымы



У.Р. Джумакова

Диссертациялық кеңестің ғылыми хатшысы



Т.В. Харламова

2024 жылғы «31» желтоқсан

